

МРНТИ 10.07.00
УДК 34.15
JEL K10

<https://doi.org/10.46914/2959-4197-2026-1-2-45-56>

БАЙСЕЙТОВ Б.Б.,^{1*}

докторант.

*e-mail: 24251147@turanaedu.kz

ORCID ID: 0000-0002-7854-322X

АСКАР Н.,²

з.ғ.к., қауымдастырылған профессор.

e-mail: 4810007@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-7384-3664

ОРЫНТАЕВ Ж.К.,³

к.ю.н., профессор.

e-mail: zhambul1971@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-7094-2720

БАЗАРОВА Д.Б.,⁴

з.ғ.к., профессор.

e-mail: d.bazarova@tsul.uz

ORCID ID: 0000-0001-6794-5947

¹«Тұран» университеті,

Алматы қ., Қазақстан

²Q University,

Алматы қ., Қазақстан

³Южно-Казахстанский исследовательский

университет им. М. Ауэзова,

г. Шымкент, Казахстан

⁴Ташкент мемлекеттік заң университеті,

Ташкент қ., Өзбекстан

МЕМЛЕКЕТТІК ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ӘДЕТ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ОРНЫ

Андатпа

Зерттеу жұмысында қазақтың дәстүрлі әдет құқығы институттарының әскери-патриоттық тәрбиені қалыптастырудағы тарихи-құқықтық және әлеуметтік-педагогикалық рөлі қарастырылады. Әдет құқығы нормаларының («Жеті жарғы», әскери-патриоттық және әскери-жауынгерлік дәстүрлер) жастардың отан-сүйгіштік санасын, әскери борыш сезімін және азаматтық жауапкершілігін қалыптастыруға ықпалы зерттеу барысында талданады. Зерттеу нәтижесінде әдет құқығы әскери-патриоттық тәрбиенің құндылықтық-нормативтік негізі ретінде қарастырылып, оны цифрландыру және қазіргі Қазақстандағы әскери-патриоттық тәрбие жүйесіне интеграциялау бағыттары ұсынылады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Smart военкомат», «Armia.kz», «Sarbaz 2.0» және «Askeri Ziyat» цифрлық жүйелеріне әдет құқығы нормаларын енгізу ғылыми жұмыстың жаңалығы ретінде қарастырылады. Шетелдік ғалымдардың зерттеу нәтижелері ғылыми жұмыстың эмпирикалық негізін құрады. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін цифрлық жүйелеріне әдет құқығы нормаларын енгізу арқылы әскери ұйымдар мен мекемелердегі әскери қызметкерлер мен сарбаздар арасында туындайтын құқықбұзушылықтардың алдын алу, сондай-ақ оларды шешу жолдары мен тетіктерін ғылыми тұрғыдан негіздеу зерттеу жұмысының негізгі мақсаты болып табылады.

Тірек сөздер: мемлекет, құқық, заң, әдет, дәстүр, әскери-патриоттық тәрбие, цифрландыру.

Кіріспе

Жалпы адамзаттың арғы тегі шамамен 6–7 млн жыл бұрын пайда болған деген ғылыми деректер бар. Қазіргі саналы адамдар шамамен 300 мың жыл бұрын қалыптасып, олардың

арғы тектері бұдан әлдеқайда ертерек кезеңдерде-ақ құрал-сайман жасай бастаған. Дегенмен 10–12 мың жыл бұрын болған неолиттік революция мыңдаған жылдарға созылып, адамзаттың егіншілік пен отырықшы өмірге көшіп, өркениеттік даму үдерісіне қадам басқан кезеңі деп бағаланады. Бұл кезең қола дәуірінің басталуына дейінгі уақытқа жатады.

Рулар мен одақтас тайпалардың пайда болуы, сондай-ақ алғашқы қоғамдық қатынастардың күрделене түсуі биліктің қоғамнан бөлінуіне және қоғамның билікті бақылауына негізделген саяси қарым-қатынастардың қалыптасуына алып келді. Құқықтық тұрғыдан алғанда, мұндай қатынастар мемлекеттіліктің белгілерін айқындап, қалыптасқан билік органдарының қызметін реттейтін мононормалардың пайда болуына себеп болды. Бұл нормалар әдет-ғұрып пен салт-дәстүр түрінде қалыптасты. Әдеттік нормалар күнделікті белгілі бір іс-әрекеттердің қайталануы нәтижесінде орнықты. Олар көбінесе діни рәсімдер, салттық ғұрыптар және моральдық (адамгершілік) нормалар түрінде көрініс тапты.

Өзіміздің ұлттық болмысымызға (ұлттық кодқа) немесе дүниетаным ерекшелігімізге (менталитетке) арқа сүйесек атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан әдет-ғұрыптарымыз қазіргі өркениетте де өзінің мәртебесін жоғалтқан емес. Керісінше салт-дәстүр, әдет-ғұрыпымыз бүгінгі қазақ жұртының дамыған, басқамен терезесі тең мемлекет құруына негізгі тірек болды десек артық болмас.

Дәстүрдің озығы мен тозығы болатыны белгілі. Осыған байланысты, ата-бабадан сан ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан әдет-ғұрыптарымызды қазіргі қоғам талаптарына және ел мүддесіне сай ықшамдап, олардың жаңғыртылған әрі жаңартылған үлгісін халыққа ұсыну қажет. Мұндай ұстанымды Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз баяндамаларында да атап өткен.

Қазіргі Қазақстан Республикасында әскери-патриоттық тәрбие мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі. Ол азаматтардың Отанды қорғауға дайындық деңгейін және патриоттық санасын қалыптастыруға бағытталған жүйелі қызмет ретінде қарастырылады.

Сонымен қоса, қазақстандық патриотизм тарихи-мәдени дәстүрлерге, ұлттық құқықтық нормаларға және халықтық құндылықтарға негізделеді. Заманауи зерттеулер патриоттық тәрбиенің ұлттық дәстүрлер мен құқықтық мәдениет сабақтастығында қалыптасатынын көрсетті.

Құқықтық актілерді біліп қана қою қазіргі уақытта аздық ететіні анық, сонымен қоса әдет нормаларын бірге игеру және оны әскери салаға енгізу бүгінгі әскердің жәй-күйін түбегейлі өзгертетініне сенімдіміз.

Осы тұрғыдан алғанда қазақтың әдет құқығы әскери-патриоттық тәрбиенің тарихи-құндылықтық негіздерінің бірі болып табылады.

Әдет құқығы әскери-патриоттық тәрбиенің тарихи негізі. Қазақ қоғамында әдет құқығы тек құқықтық реттеу жүйесі ғана емес, сонымен бірге әскери-саяси ұйымдасу мен қоғамдық тәртіптің негізі болды. «Жеті жарғы» заңдары қазақ қоғамының бірлігі мен әскери күшін нығайту мақсатында қабылданған.

«Жеті жарғы» заңдар жинағы қазақ қоғамының бірлігін нығайтуға және әскери қуатын күшейтуге бағытталған құқықтық құжат ретінде қабылданған. Зерттеушілердің пікірінше, «Жеті жарғы» нормалары қоғамның әскери ұйымшылдығын қамтамасыз етіп, ру-тайпалар арасындағы бірлікті нығайтты, әскери міндет пен ерлік идеалын қалыптастырды, сондай-ақ Отанды қорғау борышын құқықтық норма деңгейіне көтерді.

Сондықтан әдет құқығы нормалары әскери-патриоттық тәрбие мазмұнының бастапқы құқықтық-идеологиялық өзегі болып табылады.

Аталған бағыттағы ойды тереңдете түсу үшін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында сөйлеген сөзіне назар аудару маңызды: «Мен халықтың жады мен ғылым-білімін жинақтайтын «Ұлттық цифрлық мұра» қорын құру идеясын қолдаймын. Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясындағы мұндай бастама тарихи мұрамызды сақтап, оны терең зерделеуге жол ашады. Мен былтырғы Құрылтайда ғылыми еңбектерді, мұрағат материалдарын, мұражай қорларын және өнер туындыларын жүйелеу қажеттігін ерекше атап өттім. «Ұлттық цифрлық мұра» бұл шаруаны заман талабына сай жүргізуге мүмкіндік береді.

Бес жыл бұрын менің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақалам жарық көрді. Онда қазіргі заманғы ғылыми тәсілдер негізінде төл тарихымызға арналған жаңа академиялық еңбек жазу

туралы тапсырма бердім. Осы ауқымды әрі іргелі зерттеу жұмысы жыл соңына қарай аяқталады. Қазақстанның академиялық тарихының көлемді жеті томдығы жарыққа шығады. Бұл еңбек мемлекеттігімізді нығайтуға және ұлтымыздың біртұтас тарихи сана-сезімін қалыптастыруға қосқан қомақты үлесіміз болмақ. Осы маңызды ғылыми жинақ Тәуелсіздігіміздің 35 жылдығына орай шыққалы отыр. Мұның зор символдық мәні бар. Біз бұл тарихи белесті дәл осындай нақты істермен атап өтуіміз керек. Өткенді ұмытпай, болашаққа сеніммен қарасақ, еліміздің дәйекті дамуына жол ашылады. Сондай-ақ ұрпақтың отаншылдық сезімі ел игілігі жолындағы нақты іспен ұштасады.

Отаншылдық дегеніміз – әрине, Отанға деген сүйіспеншілік деген сөз. Алайда, Отан алдындағы жауапкершілігіңді сезініп, перзенттік парызыңды өтеуге талпынбасаң, «отаншылмын, патриотпын» деген сөзіңнің құны көк тиын болмақ [1].

Материалдар мен әдістер

Мақалада салыстырмалы құқықтық талдау және теориялық жалпылау, индуктивті және дедуктивті, нормативтік-құқықтық талдау және болжау әдістері қолданылды. Ғылыми зерттеу жұмысы барысында қойылған ғылыми міндеттерді шешу және зерттеу мақсатына қол жеткізу үшін жалпығылыми және арнайы ғылыми таным әдістерінің кешені қолданылды. Атап айтқанда, салыстырмалы-құқықтық талдау әдісі арқылы ұлттық және шетелдік мақалалар мен әдебиеттер, ғылыми тұжырымдамалар мен тәжірибелер өзара салыстырылып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары айқындалды, әдет нормаларымен құқықтық реттеудің тиімді үлгілері анықталды. Теориялық жалпылау әдісі зерттеліп отырған құбылыстың мәнін ашуға, ғылыми көзқарастарды жүйелеуге және тұжырымдамалық қорытындылар қалыптастыруға мүмкіндік берді. Соның ішінде Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің «Smart военкомат», «Armia.kz», «Sarbaz 2.0» және «Askeri Ziyat» цифрлық жүйелеріне әдет нормаларын енгізу мақаланың тірегі болып саналады. Шетелдік ғалымдардың зерттеу нәтижелері ғылыми зерттеудің эмпирикалық негізін құрады.

Зерттеу барысында индуктивті әдіс жекелеген деректер мен нақты құқық қолдану тәжірибелерін талдау негізінде жалпы ғылыми тұжырымдар жасауға бағытталған болса, ал дедуктивті әдіс жалпы теориялық қағидалар мен құқықтық ережелерден жекелеген қорытындылар мен ұсыныстар шығаруға мүмкіндік берді. Зерттеу шеңберінде әдет нормаларын талдау әдісі арқылы ұлттық заңнамаға сәйкестендіру, құрылымын және құқықтық реттеу тетіктерін зерделеуге, олардың өзара байланысы мен қолданылу ерекшеліктерін анықтауға және әскери-патриоттық бағыттағы халықаралық мақалаларға шолу жасалды.

Бұдан басқа болжау (прогностикалық) әдісі зерттеу нысанына қатысты әдет нормаларын жетілдірудің ықтимал бағыттарын айқындауға, құқықтық дамудың болашақ тенденцияларын негіздеу және практикалық ұсыныстар әзірлеу мақсатында пайдаланылды.

Нәтижелер мен талқылау

Мемлекет басшысының халықтың тарихи жады мен білімін жүйелейтін «Ұлттық цифрлық мұра» қорын құру бастамасы зерттеу жұмысының өзектілігін айқындай түседі. Цифрландыру жағдайындағы заманауи әскери-патриоттық тәрбие жүйесінде әдет-ғұрып құқығының алатын орнын аталған қордың тұжырымдамасымен сабақтастыра қарастыру – ғылыми ізденістің негізгі өзегі.

Ешкімге де құпия емес, қазіргі таңда Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне қарасты бөлімдер мен бөлімшелерде әскери жарғы мен әскери тәртіп саласында адамгершілік, отанға деген сүйіспеншілік және жауапкершілік аспектілері тұрғысынан бірқатар кемшіліктердің бар екені байқалады.

Себебі соңғы жылдары әскери бөлімдерде сарбаздардың қаза табуы немесе ауыр дене жарақаттарын алуы сияқты қайғылы жағдайлардың орын алуы қоғамды дүр сілкіндіріп, әскерге бару немесе сарбаз болу мәселесіне ата-аналар тарапынан заңды үрей туғызуда.

Осы ретте әскери-патриоттық тәрбие саласын цифрландыру деңгейіне жеткізіп, әскери қызметкерлер мен сарбаздардың моральдық-психологиялық жағдайын, рухани көңіл-күйін,

сенімі мен ерік-жігерінің психологиялық дамуын тұрақтандыруға мүмкіндік болар еді деп пайымдаймыз.

Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексі 2026 жылғы 9 қаңтарда қабылданды. Аталған кодекс 19 тарау, 106 баптан тұрады. Оның міндеті, мақсаты мен қағидаттарын зерделеу барысында әдет нормаларының жеткілікті түрде көрініс таппағанын байқауға болады.

Зерттеу жұмысында Қазақстан Республикасы цифрлық заңнамасының 3-бабы 1-тармағында белгіленген мақсаттар мен міндеттер негізге алынады. Онда былай делінген: «Қазақстан Республикасы цифрлық заңнамасының мақсаты жеке және заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің мүддесі үшін цифрлық ортаның орнықты дамуы мен жұмыс істеуін қамтамасыз ету болып табылады» [2].

Осыған байланысты аталған бапқа «Цифрландыру арқылы әскери тәртіпті нығайту және әскери қызметкерлер мен сарбаздардың өмірі мен денсаулығына зиян шектірмеуді қамтамасыз ету» деген мазмұндағы жеке тармақ қосуды жөн деп санаймыз.

Бұл ұсыныс әскери бөлімдерде жиілеп кеткен немесе әскери саланың ауыр зардаптарына айналған (адам өлімі немесе ауыр дене жарақаттары) сияқты жат құбылысты тоқтатуға құқықтық негіз болар еді.

Мысал ретінде, барлық әскери бөлімдер мен бөлімшелерде цифрлық заманауи бейнебақылау камераларын қою. Сол арқылы болуы ықтимал қауіп-қатерлердің алдын алуға мүмкіндік туар еді.

Аталған мәселеге біржақты қарамау үшін, еліміздің тарихи-әдеби құндылықтарын цифрландыру арқылы әскери-патриоттық тәрбиені нығайтуға болады. Бұл өз кезегінде шынайы адами құндылықтарға басымдық беріп, адамгершілік, өзара құрмет, төзімділік пен жауапкершілікті күшейтуге ықпал етеді.

Осы ретте Ұлттық құрылтайда Президенттің қастерлі де қасиетті патриоттық сезім ұғымына қатысты айтқан сөзі ғылыми жұмыстың негізгі тіректерінің бірі болып табылады: «патриотизм – жалынды сөз бен сыртқы айқай емес, ел алдындағы жауапкершілікті шынайы сезініп, оны нақты әрекетпен дәлелдеу» немесе «Отан алдындағы парызыңды өтеуге ұмтылмасаң, өзінді патриотпын деудің еш мәні жоқ», - деген пікірі әр азаматтың жүрегіне ой салары анық [1].

Жаңа өндірістік дәуірге қадам басқан қазіргі кезеңде мемлекеттік басқару жүйесінің цифрлануы қорғаныс саласындағы әскери-патриоттық тәрбиемен сабақтас болуы тиіс. Бұл ретте әдет нормалары мен қағидаттары әскери жарғы мен цифрлық бағдарламаларда көрініс табуы қажет деп санаймыз. Сонда ғана еліміздің әскерге қабілетті азаматтарын отанға, туған жерге, тәуелсіздік пен егемендікке деген шынайы патриоттық рухта тәрбиелеуге мүмкіндік туады.

Мысал ретінде әскери ұйымдар мен білім беру мекемелерін цифрландыру барысында «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» сияқты тарихи құқықтық-әдет нормаларының әскери-патриоттық қағидаттарын енгізу орынды болар еді.

Соның ішінде сақтардан, ғұндардан және түркі қағанатынан келе жатқан бабаларымыздың киіз үйде, шатырларда өмір сүруі, шөптің шығуы мен судың ағымына қарай көшіп-қонуы, мал шаруашылығымен, аң аулаумен айналысқаны, жегені ет, ішкені қымыз, теріден және жүннен жасалған киімді кигені, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсеткендігі туралы әскери-патриоттық нысанда құрылған, цифрлық технологияларды пайдалану арқылы тарихи деректі және көркем фильмдер, ән-жырлар, электронды әскери әдебиеттер мен электронды әскери-патриоттық кітаптар шығаруды қолға алу бүгінгі әскердегі көріністі түбегейлі өзгертетін еді.

Өкінішке қарай, әскери органдар мен әскери білім беру мекемелерінде сарбаздардың өлім-жітімі, өз-өзіне қол жұмсау фактілері және денсаулықтарына ауыр зиян келтіру сияқты төтенше жағдайлар әлі де жиі кездеседі. Мұндай жағдайлардың орын алу себептерінің бірі ретінде әскери-патриоттық тәрбиенің, соның ішінде әдет-ғұрып нормаларының тәрбие жүйесіне жеткілікті деңгейде енгізілмеуін атауға болады. Қайғылы оқиғалардың алдын алу мақсатында қазіргі әскери құрылымдардың цифрлық жүйелеріне ұлттық әдет-ғұрып нормаларын кеңінен интеграциялау орынды деп санаймыз.

Ата-бабаларымыздың әскери құрал-жабдықтарды кәсіби тұрғыда жетік меңгеру тәжірибесін әскери құрылымдарда жүйелі түрде насихаттау маңызды. Соның ішінде садақ пен

ысқырғыш жебелерді, сауыт-саймандарды, найза, шоқпар, қылыш және қанжар сияқты қару түрлерін жоғары дәлдікпен әрі шеберлікпен қолдану дәстүрін дәріптеу әскери қызметкерлер мен сарбаздардың жауынгерлік рухын және патриоттық санасын арттырудың тиімді тетігі болар еді.

Бүгінгі таңда әскерге барып нағыз сарбаз болып келетін ұлдарымыз зақым алып, бірі есінен адасса, бірі денсаулығынан айырылып, ал ең өкініштісі табытпен оралып жатқандардың саны артуда. Бұндай жат құбылыстарға Мемлекет басшысы да араласып, қатаң тергеу жүргізуді бұйырған оқиғалар да бар. Бұл дегеніміз әскердегі тәлім-тәрбие мен адамгершілік және де бір-біріне деген құрметтің тым төмендеп, әскери моральдық-психологиялық жай-күйдің нашарлап кеткендігінің дәлелі. Ал онымен күрес әскер саласына цифрлық деңгейде бабаларымыздан келе жатқан тәрбиелік-тағлымдық әдет нормаларын заманауи уақытқа икемдеп енгізу деп білеміз.

Зерттеу тақырыбының еліміздегі өзектілігі мен осы бағыттағы ғылыми еңбектердің жеткіліксіздігі бұл ғылыми мақала шеңберінде терең зерттеу жүргізу қажеттігін айқындайды.

Осыған орай ежелгі түркі жұртының жаза жүйесіне қатысты «Жеті жарғы» нормаларын зерттей отырып, Ж.О. Артықбаевтың «Жеті жарғы – мемлекет және құқық ескерткіші» атты еңбегіне назар аудардық. Аталған еңбекте: «адам өлтіру, ханға қарсы шығу, жау жағына өту, зинақорлық (бөтеннің әйелімен қатынас жасау), тұсаулы атты ұрлау сияқты әрекеттер үшін өлім жазасы белгіленген» [3, 39 б]. деп көрсетіледі.

Бұл деректер құқықтық салыстырмалы талдау жасауға негіз болды. Қазіргі Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында аталған әрекеттердің басым бөлігі қылмыс құрамына жатқызылғанымен, оларға өлім жазасы қолданылмайды. Сонымен қатар, зинақорлық (ерлі-зайыптылық адалдықты бұзу) қылмыстық құқық бұзушылық ретінде қарастырылмайды, бұл қазіргі құқықтық жүйенің гуманистік және зайырлы қағидаттарға негізделгенін көрсетеді.

Ежелгі құқық нормаларын терең зерделеу қазіргі жас сарбаздар мен әскери қызметшілердің адамгершілік-этикалық қасиеттерін қалыптастыруда маңызды рөл атқара алады. Мұндай тарихи-құқықтық мұраларды пайдалану олардың Отанға адал қызмет етуіне тәрбиелік ықпал етуі мүмкін.

Сондай-ақ, аталған еңбекте дене жарақатына немесе мүліктік зиян келтіруге байланысты жазалар жүйесі де сипатталады: «төбелес кезінде келтірілген зиянның ауыр-жеңілдігіне қарай құн төлеу, көзін шығарған жағдайда қызын беру немесе оның жасауын өтеу, дене мүшесіне зақым келсе малмен (жылқымен) өтем жасау, ұрлық жасағаны үшін келтірілген зиянды бірнеше есе (жиырма есеге дейін) қайтару» сияқты нормалар көрсетілген.

Бұл нормалар қазіргі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіндегі жазалау жүйесінен едәуір ерекшеленеді. Қазіргі құқықтық жүйеде мұндай дәстүрлі өтем түрлері қолданылмайды, алайда келтірілген зиянды өтеу институты (айыппұл, материалдық өтемақы) сақталған. Осы тұрғыдан алғанда, ежелгі құқық нормалары мен қазіргі заңнаманың арасындағы айырмашылықтар тарихи-құқықтық дамудың эволюциясын көрсетеді.

Зерттеу жұмысында тарихи ізденіс пен ежелгі әдет ғұрыптарға негізделген соң Шыңғысханның «Жасақ» заңы мен өзімізді тікелей мұрагері санайтын «Алтын Орда» заманына да тоқталдық.

Еліміз Алтын Орданың тікелей тарихи мұрагері болып саналады. Алтын Орда XIII ғасырдың ортасында Бату ханның билігі тұсында құрылды. Бату хан – Жошы ханның ұлы. Тарихта Жошы ұлысы деп аталатын бұл мемлекет кезеңі қазіргі Қазақстан аумағының тарихи-мәдени және саяси қалыптасуында маңызды рөл атқарды. Сондықтан бұл кезеңді жас ұрпақтың тарихи санасында мақтаныш сезімін қалыптастыратын, елдің тарихи мәртебесін айқындайтын маңызды дәуір ретінде қарастыруға болады.

2020 ж. Қазақстанда Алтын Орданың құрылуына шамамен 750–800 жыл толуына орай ғылыми конференциялар, көрмелер және мәдени іс-шаралар өткізілді. Бұл дата XIII ғасырдың ортасында Жошы ұлысының негізінде қалыптасып, кейін дербес мемлекетке айналған Алтын Орданың тарихымен байланысты. Алтын Орда Еуразия тарихында маңызды рөл атқарған ортағасырлық мемлекет болып саналады. Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу тарихында оның тарихи-мәдени ықпалы ерекше.

Президентіміз өз сөзінде «Жошы әулеті 6 ғасыр бойы Орталық Еуразияның тағдырына тікелей ықпал етті. Ұлан-ғайыр аумақта біртұтас өркениет құруға ұмтылды. Жршы ұлысы Ұлы

даланы мекен еткен халықтардың сан ғасырлық даму бағдарын айқындап отырды. Ұлық ұлыс мемлекетті басқару ісін жаңа деңгейге көтерді. Оның Рим империясымен ұқсастығы да осында. Биыл Жошы Ұлысының негізі қаланғанына 800 жыл толды. Бүгінгі жиынымыз да осы мерейлі белеске тұспа-тұс келіп тұр. Мұның зор символдық мәні бар. Жошы ұлысы Қазақстанның мемлекеттік дәстүрінде айырықша орын алады [4]» – деп тоқталады.

Зерттеу жұмысында осы мәселені зерттеген бірқатар ғалымдардың еңбектері талданады және ұсынылады.

Патриоттық құндылықтарға ұлттық мақтаныш, азаматтық жауапкершілік, мәдени адалдық және моральдық тұтастық жатады. Бұл құндылықтар әлеуметтену үдерісі арқылы, әсіресе балалық шақта қалыптасады [5].

Осы салада зерттеу жүргізген ғалым Л. Холберг моральдық даму теориясын ұсынады, онда балалардың әділеттілік пен борыш туралы түсінігінің қалай эволюцияланатынын түсіндіріп, олардың патриоттық идеалдарды ішкі нанымға айналдыруына мүмкіндік беретінін айтады [6].

Аксиологиялық тәсіл бойынша – моральдық және азаматтық құндылықтарды тәрбиелеуді берік патриоттық бірегейліктің негізі ретінде айқындайды деп көрсеткен [7, 31 б.].

Ғ. Күзембаева өзінің ой-тұжырымында отбасыңа, Отаныңа және мәдени тамырыңа деген сүйіспеншілік патриоттық сезімнің өзегін құрайды деген көзқарасқа тоқтаған [8].

Г.С. Султанбаева бастаған ғалымдар, қоғамдағы құндылықтарға ұлттық деңгейде мән берудің күшеюі мен елдегі әлеуметтік-саяси өзгерістер патриотты, азаматты және маманды қалыптастыру, дамыту, тұлғалық тұрғыдан жүзеге асыру және тәрбиелеу мәселелерін ұлттық дискурстың алдыңғы қатарына шығарғанын, ал Қазақстандағы «жаңа патриотизм» ел дамуының негізгі үрдістерінің бірі екенін атап көрсеткен [9].

Ғ. Ибраева бастаған ғалымдар тобы – көпұлтты Қазақстан жағдайындағы ұлтаралық әлеуметтену бір мемлекетте өмір сүретін түрлі этностардың ортақ мүдделер, рухани бағдарлар мен мәдени тәжірибелер төңірегінде жақындасуына ықпал еткенін атап өтеді. Олар Қазақстанды өз Отаны ретінде қабылдайды, мұнда әртүрлі этностар мен конфессиялар бейбіт қатар өмір сүреді. Патриотизм, негізінен, саяси идеологиямен емес, моральдық сезім ретінде түсіндірілетін құбылыс; қазіргі қазақстандықтардың көпшілігі үшін ол өз Отаны мен тарихына деген мақтаныш, сондай-ақ елін бай, қуатты және бақытты етуге ұмтылыс арқылы көрініс табады деп сөздерін түйіндеген [10].

Жоғарыда келтірілген ғалымдардың пікірімен санаса отырып Қазақстан Республикасы Президент телерадио кешенінің қолдауымен «Жошы хан» филімі түсірілуде, бітуіне жақын қалды. Атақты журналист Мая Бекбаеваның «Жошы хан» туралы деректі көркем филімі де жарық көрген.

Осындай әскери-патриоттық бағыттағы кинолардың түсірілуі еліміздің азаматтарының әскери рухын, сарбаздардың моральдық-психологиялық жағдайын, мәдениеті мен тарихи білімдерін тереңдетіп, бабаларының салған жолын, кімнің ұрпақтары екенін біліп өсуіне, салт-дәстүр мен әдет нормаларын бойларына сіңіріп өсуіне ықтимал көмегін тигізеді.

Ойымызды жалғастыра отырып, Шыңғыс ханның «Жасақ» заңдарының бір ережесіне назар аударсақ, онда барлық діндерге бірдей құрметпен қарап, оларды тең дәрежеде ұстану қажеттігі айтылған [11, 114–115 бб.]. Ол дегеніміз діни толеранттық дегенді білдіреді. Қазіргі таңда діни өшпенділік пен араздық, соның ішінде діни экстремизм, көбейіп тұрған кезде бабаларымыздың әдет нормалары мен ғұрыптарын дәріптеу осының бәрінің алдын алуға мүмкіндік болар еді десек қате пікір емес.

Жоғарыда аталғандарды әскери бөлімдердің патриоттық тәрбие жоспарларына заманауи ғылыми және цифрлық технологияларды қолдану арқылы енгізіп, әскери салада патриоттық идеологияны жүйелі түрде насихаттасақ, бұл әскери-патриоттық рухтың жаңғыруына негіз болар еді.

Қазақ әдет құқығында әскери-патриоттық тәрбиені қалыптастыратын бірнеше негізгі қағидат бар:

1) Отанды қорғау – қасиетті борыш-қағидаты. Дәстүрлі құқықта елді қорғау бүкіл қауымның міндеті саналды. Бұл қағида қазіргі әскери-патриоттық тәрбиедегі азаматтық борыш ұғымына сәйкес келеді. Еліміздің негізгі заңы Конституциясында елді қорғау әрі борыш әрі міндет болып бекітілген. Бұл тарихи-құқықтық сабақтастықты білдіреді.

2) Ерлік пен намыс қағидаты. Әдет құқығы батырлық, намыс, ұғымдарын әлеуметтік мәртебемен байланыстырып, сол институттарға ерекше көңіл аударған. Батырларын ерекше сыйлап құрметтеген. Қазірге қоғамда батырларымызды ұмытып, көзден таса болған жағдайлар көп кездеседі.

3) Әскери тәртіп пен бағыну қағидаты. Билер мен батырлар институты әскери тәртіп пен иерархияны қалыптастырады.

4) Қоғамдық жауапкершілік қағидаты. Қазақ құқықтық дәстүрінде қауым алдындағы жауапкершілікті жоғары бағалаған. Қылмыс пен теріс қылық жасағандарды қауым алдында тезге салып, жауапкершілікке тартқан. Одан асқан адам үшін қорлық жоқ болған.

Міне осындай қағидаттарды қазірде ұстана білсек, біз әскердегі әлеуетіміз бен әскери тәртібімізді жоғары деңгейде ұстар едік. Бұндай құндылықтар мен қағидалар қазіргі патриоттық тәрбиенің негізгі мазмұнымен сәйкес келеді.

Қазақстандық патриотизм тарихи дәстүрлер мен ұлттық мәдениетке сүйенеді. Зерттеулерде ұлттық дәстүрлер мен тарихқа құрмет патриотизмнің негізгі компоненті ретінде қарастыруға болады.

Әдет құқығы – тарихи жадыны сақтайды; ұлттық құқықтық сананы қалыптастырады; этникалық бірегейлікті нығайтады; мемлекетшілдік құндылықтарды бекітеді.

Біздің зерттеуіміз патриотизмді тек декларативті сипатта емес, оның мазмұнын мемлекетшілдік ұстаныммен ұштастыра қарастыруды көздейді. Осы тұрғыда мемлекетшілдік әскери-патриоттық тәрбиенің мәдени-құқықтық негізі ретінде қарастырылады.

Осыған сәйкес, қазіргі әскери-патриоттық тәрбиеде әдет құқығын пайдалану және оны цифрландыру заман талабы. Қазақстандағы әскери-патриоттық тәрбие жастарда патриоттық сана мен әскери міндетке дайындықты қалыптастыруға бағытталған.

Бұл жүйеге әдет құқығын енгізудің негізгі бағыттары кіреді, мысалға: әскери дәстүрлерді оқу бағдарламасына енгізу; батырлық құқықтық нормаларды оқыту; билер соты үлгісінде тәрбие әдістері; тарихи-құқықтық кейстер; әскери-дәстүрлік рәсімдерді айтсақ болады.

Заманауи педагогикалық зерттеулерде патриоттық тәрбиенің тиімділігі ұлттық құндылықтарға негізделгенде арта түсетінін көрсетеді. Әдет құқығы осы ұлттық құндылықтардан бастау алады. Оларда құқықтық, моральдық және мәдени аспектілері болуы тиіс.

Осы ретте тағы да ғалымдардың пікірлері мен тұжырымдарына тоқталып өтсем.

Қазіргі Қазақстанда әскери-патриоттық тәрбие мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты болып табылады. Ол азаматтардың Отанды қорғауға дайындық деңгейін және патриоттық санасын қалыптастыруға бағытталған жүйелі қызмет ретінде анықталады [12].

Сонымен қатар, қазақстандық патриотизм тарихи-мәдени дәстүрлерге, ұлттық құқықтық нормаларға және халықтық құндылықтарға негізделеді. Заманауи зерттеулер патриоттық тәрбиенің ұлттық дәстүрлері мен құқықтық мәдениет сабақтастығында қалыптасатынын көрсетеді [13].

А. Абдакимовтың зерттеу жұмысына назар аудардық, себебі Мемлекет басшысы да туымызға, жалпы ұлттық рәміздерімізге қатысты пікір білдіріп жүр. Соның ішінде көк туымыздың жайқалып ілініп тұруы менің мақтанышымды оятады деген сөздері де бар. Оның ғылыми еңбегіне сәйкес, мемлекеттік рәміздер жеке тұлғаның патриоттық және азаматтық қасиеттерін қалыптастыруда маңызды рөл атқаратын үздіксіз әлеуметтік-педагогикалық үдерістің құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл үдеріс отбасыдан басталып, білім беру және қоғамдық ортада жалғасады. Мемлекеттік рәміздер азаматтардың өз еліне, тарихына және ұлттық құндылықтарына деген мақтаныш сезімін қалыптастырып, қазақстандық патриотизмді нығайтуға ықпал етеді. Сонымен қатар, оларды насихаттау мемлекеттік және ұлттық іс-шаралар арқылы жүзеге асырылып, қоғамда Отанға деген құрмет пен азаматтық жауапкершілікті арттырудың маңызды құралы ретінде қарастырылады [13].

М. Губайдуллин «қазақ қоғамында әдет құқығы тек құқықтық реттеу жүйесі ғана емес, сонымен бірге әскери-саяси ұйымдасу мен қоғамдық тәртіптің негізі болды. «Жеті жарғы» заңдары қазақ қоғамының бірлігі мен әскери күшін нығайту мақсатында қабылданған», – деген пікір білдірген [14, 120 б.].

Ғылыми мақаланы аяқтай келе, Қазақстан Республикасының Қорғаныс Министрлігінің цифрландыру жәй-күйімен, олардағы бар цифрлық жүйелерге қысқаша тоқталып оған қазақтың әдет-ғұрпының әскери-патриоттық нормаларын енгізуге қатысты механизмдеріне тоқталсақ.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері цифрлық трансформациялауда бірнеше бастамалары бар. Мақсаты әкімшілік процестерді жеңілдету, әскерилер қызметінің тиімділігін арттыру және сапасын жақсарту болып табылады.

Сондай бастамалардың бірі ретінде «Smart военкомат» – бұл әскери есепте тұрған шақырылушылардың жалпы санынан әскерге шақыру жасындағы азаматтарды іріктеу. Бұл цифрлық жүйе жасанды интеллектпен қамтамасыз етілген. Осы жүйеге әдет нормаларын енгізуге болады деп ойлаймыз. Мысалға, әскерге шақырылатындарға электронды хат жолданса, онда әскерге бару әрбір азаматтың қасиетті борышы әрі міндеті деген арнайы хаттар келсе. Қосымша әскерге шақырылған азаматтың әскери-патриоттық рухын оятатын әдет нормалары арқылы әскерге бару ықтимал белсенділігін арттырасақ.

Қорғаныс министрлігін трансформациялау шеңберінде «Askeri Ziyat» әскери білім беру көпфункционалды платформасын құру болды. Бұл платформа әскери мамандарды даярлау жүзеге асыратын әскери жоғары оқу орындары мен әскери колледждердің бірыңғай цифрлық кеңістікте біріктіреді, қарау режимінде сыртқы ұйымдар үшін де электрондық кітапханасы бар. Бұл платформада жиырмаға жуық курстар өткізіледі және мыңдаған әскери арнайы курстардан өткен.

Зерттеу жұмысының түйіні болып табылатын әдет нормаларын аталған көпфункционалды «Askeri Ziyat» платформасына жеке курс немесе платформаның бір қаралым тарауы ретінде цифрландырылған әдет нормалары мен әскери-патриоттық объектілерді байланыстыра алсақ зерттеу нәтижесіне жететін едік. Цифрландырылған әдет нормалары арқылы әскерилер мен сарбаздардың психологиялық және моральдық жай-күйін жасанды интеллект артықшылықтары арқылы зерттеп, оларға бақылау жүргізе алар едік. Нәтижесінде әскери бөлімдер мен әскери ұйымдарда төтенше жағдайлар мен қайғылы оқиғалардың алдын алуға мүмкіндік болар еді. Бұл платформаны жетілдіру арқылы әскери-патриоттық рухты кеңінен дәріптеп, Отанға деген сүйіспеншіліктері мен бір-біріне деген адамгершілік қағидаттарына негізделген құрметтерін арттырар едік. Патриоттық ұғымын сөзбен емес, іспен дәлелдеуге мүмкіндік болар еді.

Бұдан басқа Қорғаныс министрлігінде «Sarbaz 2.0» онлайн жобасы жұмыс істеп тұр. Бұл жүйеге де заманауи әскери-патриоттық тәрбие жүйесіндегі әдет құқығының алғы шарттарын бекіту арқылы әскери тәртіптің мызғымас бөлігі ретінде қарастыруға болады.

Цифрландырудың тағы бір жемісі ретінде Қорғаныс министрлігінің «Armia. KZ» сервисін айтуға болады. Бұл сервис Ұлттық жасанды интеллект платформасына негізделген жасанды интеллект ассистентін құрды. Аталған бот білім базалары мен заңнамадағы өзгерістерге бейімделе алады және әскери қызметке қатысты сұрақтарға «цифрлық кеңесші» ретінде жауап бере алады.

Аталған цифрлық серверлер арқылы ғылыми мақаланың өзегі болған және оған тірек болған заманауи әскери-патриоттық тәрбие жүйесіндегі әдет құқығының рөлі мен орнын ерекше айқындауға мүмкіндік бар.

Алдағы уақытта осы мақала төңірегінде жоғары лауазымды әскери қызметшілер қызығушылық танытып, мақалада қарастырылған негізгі мәселелерге көңіл аударады және іс жүзінде іске асырады деп тұжырымдауға болады.

Қорытынды

Сонымен әдет құқығы қазақ қоғамында әскери ынтымақ пен ұйымшылдықты, ерлік пен қайсарлықты, Отан қорғау мен әскери тәртіпті, құқық пен заңдылықтың сақталуын қалыптастыратын негізгі әлеуметтік институт болып табылады.

Әдет құқығы нормаларын ел қорғанысына әдістемелік тұрғыда енгізу әскери-патриоттық тәрбиеге, ұлттық патриотизмге, құқықтық мәдениетке, азаматтық жауапкершілікке, жоғары әскери дайындыққа және кез келген ұрысқа тойтарыс беру қабілетімен, жеке құрамның моральдық-психологиялық жай-күйінің қайнар көзіне айналып, ешкімге ұқсамас өзіндік моделі қалыптасар еді.

Осылайша әскери-патриоттық тәрбие жүйесіне әдет құқығын ғылыми негізде енгізу Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін нығайтуға және Қорғаныс ұйымдарының негізгі идеологиясын айқындауға ықпалын тигізеді.

Қазақстан Республикасының цифрландыру жағдайында заманауи әскери-патриоттық тәрбие жүйесіндегі әдет құқығы әскерилер мен сарбаздарды бірлікте болуға, бір-бірін құрметтеуге, бауырмашыл және адамгершілік қағидаларын қатаң сақтайтын қорғаныс институтына айналуына ықпалдасар еді.

Қазақ арасында кең тараған «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» және «Тәуке ханның Жеті жарғысы» сияқты ғасырдан ғасырға ұласып, сабақтасып келе жатқан нормалар бүгінде өзектілігін жоғалтпай санамызда сақталып, салт-дәстүрімізде, әдет-ғұрпымызда және ұстанымымызда айырықша орын алады және адамгершілік, ізет және құрмет сияқты парасаттылықты бойымыздан шығармай сіңіріп тұр.

Олай болса әдет нормаларын қорғаныс мекемелері мен ұйымдарда терең дәріптеп, оның әскери-патриоттық тәрбиенің қайнар көзіне айналуына ғылыми тұрғыда негіздеп, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің цифрлық жүйелері мен серверлеріне әдет нормаларын бейімдеу және қолданысқа енгізу бүгінгі күннің күн тәртібіндегі мәселе.

Әдет нормалары бірнешеге жіктеледі, осы зерттеу жұмысында әскери-корпоративтік әдет нормаларын енгізуді ұсынамыз. Әскери ортаға тән дәстүрлер мен мінез-құлық кодекстерін қабылдап, оны әскери ұйымдарда қолдануда басымдық берер едік.

Әскери әдет нормалары тәрбиелік функция атқарып, ата-бабамыздан келе жатқан құндылықтарды ұрпаққа мирас етіп бейресми реттеу механизмі ретінде әрекет етер еді.

Ғылыми педагогикалық тұрғыдан әскери-патриоттық тәрбие тек құқықтық және идеологиялық ықпалмен емес, мәдени-дәстүрлік нормалар арқылы жүзеге асады.

Қазақ әскери дәстүрінде үлкенді құрметтеу, сертке адалдық, батырлық, ұжым намысы және ерлік үлгісі сияқты әдет нормалары әскери мінез-құлық моделін қалыптастырған.

Қорыта келе, жоғарыда көрсетілген міндеттерді орындау үшін, әскери қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін, қарулы күштер толық дайын болу үшін, жауынгерлік қабілет пен жауынгерлік әзірлік жоғары деңгейде болу үшін, әскери күштерді теріс қылықтардан және құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғау үшін, тәуелсіздік пен егемендікті сақтау үшін цифрландырылған әдет нормаларын қорғаныс саласына ғылыми негіздеп әдістемелік құралдарға енгізу бүгінгі күннің талабы екенін айқындаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында сөйлеген сөзі. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-ulityk-kuryltaydyn-besinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-2005352> (өтініш берілген күн: 14.04.2025)

2 Қазақстан республикасының цифрлық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2026 жылғы 9 қаңтардағы № 255-VIII ҚРЗ. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000255> (өтініш берілген күн: 15.04.2026)

3 Артықбаев Ж.О. «Жеті жарғы» – мемлекет және құқық ескерткіші (зерттелуі, деректер, тарихы, мәтіні). – Алматы: Жеті жарғы, 2012. – 192 б.

4 Жошы ұлысы Қазақстанның мемлекеттілік дәстүрінде айрықша орын алады – Президент. URL: https://egemen.kz/article/360214-zhoshy-uly-sy-qazaqstannynh-memlekettilik-dasturinde-ayryqsha-oryn-alady-preziden?utm_source=chatgpt.com (өтініш берілген күн: 15.04.2026)

5 Knafo A., Schwartz S.H. Value Socialization in Families of Israeli-born and Soviet-born Adolescents in Israel // Journal of Cross-Cultural Psychology. 2001. Vol. 32. No. 2. P. 213–228. DOI: 10.1177/0022022101032002008 (accessed: 15.04.2026)

6 Kohlberg L. Essays on Moral Development. Vol. I: The Philosophy of Moral Development. – San Francisco: Harper & Row, 1981 (accessed: 15.04.2026)

7 Pozdnyakova I.A., Vereshagina E.A. Approaches to the Formation of Patriotic Culture of Youth // Scientific Notes of the Russian State Social University. 2017. Vol. 16. No. 5. P. 30–34.

8 Kuzembayeva G. Axiological dimension of citizenship and patriotism in a worldview of Kazakhs: A psycholinguistic study, East European Journal of Psycholinguistics. 2023. Vol. 10. No. 1. P. 116–135. DOI: 10.29038/eejpl.2023.10.1.kuz (accessed: 15.04.2026)

- 9 Sultanbaeva G.S., Velitchenko S.N., Lozhnikova O.P., Mukasheva M.T. «MANGILIK EL» as an Intellectual Matrix of Kazakhstan. Almaty: Kazakh University, 2019. P. 353–379.
- 10 Ibrayeva G., Kassen G., Tuleubekova N. Patriotic education in Kazakhstan: Theoretical and practical considerations. Journal of Social Science Research. 2019. Vol. 14. No. 2. P. 112–120.
- 11 Хара-Даван Э. Чингис-хан как полководец и его наследие. Культурно-исторический очерк Монгольской империи XII-XIV веков. – Алма-Ата: Крамдс-Ахмед Яссауи, 1992. – 272 с.
- 12 «Азаматтарға әскери-патриоттық тәрбие беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 тамыздағы № 597 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 1 қазандағы № 816 қаулысы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2500000816> (өтініш берілген күн: 15.04.2026)
- 13 Ramashov O.N., Mussin K.S., Lavnichak A. Ways of formation of Kazakhstan's patriotism in the course of Public Service and its legal basis // Вестник Карагандинского университета, Серия «Право». – 2021. – № 2(102). – С. 44–51. DOI: <https://doi.org/10.31489/202112/44-51>
- 14 Gubaidullin M. The Role of Zhety Zhargy in Formation of Legal Culture of Kazakhstan Society in the History of Kazakhstan State and Law // Theoretical & Applied Science. 2018. No. 7(63). P. 119–123. DOI: 10.15863/TAS.2018.07.63.16

REFERENCES

- 1 Memleket bassysy Qasym-Jomart Toqaevtyñ Ūlttyq qūryltaydyñ besinshi otyrysında sōilegen sōzi. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-qasym-zhomart-tokaevtyñ-ulttyk-kuryltaydyn-besinshi-otyrysında-soylegen-sozi-2005352> (ötiniş berilgen kün: 14.04.2025) (In Kazakh)
- 2 Qazaqstan respublikasynyñ sifrlıq kodeksi. Qazaqstan Respublikasynyñ Kodeksi 2026 jylǵy 9 qañtardaǵy № 255-VIII QRZ. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000255> (ötiniş berilgen kün: 15.04.2026) (In Kazakh)
- 3 Artyqbaev J.O. (2012) «Jeti jarǵy» – memleket jáne qūyq eskertkişi (zerttelui, derekter, tarihy, mätini). Almaty: Jeti jarǵy. 192 p. (In Kazakh)
- 4 Joşy ūlysy Qazaqstannyñ memlekettilik dästürinde airyqşa oryn alady – Prezident. URL: https://egemen.kz/article/360214-zhoshy-uly-sy-qazaqstannynh-memlekettilik-dasturinde-ayryqsha-oryn-alady-preziden?utm_source=chatgpt.com (ötiniş berilgen kün: 15.04.2026) (In Kazakh)
- 5 Knafo A., Schwartz S.H. (2001) Value Socialization in Families of Israeli-born and Soviet-born Adolescents in Israel // Journal of Cross-Cultural Psychology. Vol. 32. No. 2. P. 213–228. DOI: 10.1177/0022022101032002008 (accessed: 15.04.2026) (In English)
- 6 Kohlberg L. (1981) Essays on Moral Development. Vol. I: The Philosophy of Moral Development. San Francisco: Harper & Row. (accessed: 15.04.2026) (In English)
- 7 Pozdnyakova I.A., Vereshagina E.A. (2017) Approaches to the Formation of Patriotic Culture of Youth // Scientific Notes of the Russian State Social University. Vol. 16. No. 5. P. 30–34. (In English)
- 8 Kuzembayeva G. (2023) Axiological dimension of citizenship and patriotism in a worldview of Kazakhs: A psycholinguistic study, East European Journal of Psycholinguistics. Vol. 10. No. 1. P. 116–135. DOI: 10.29038/eejpl.2023.10.1.kuz (accessed: 15.04.2026) (In English)
- 9 Sultanbaeva G.S., Velitchenko S.N., Lozhnikova O.P., Mukasheva M.T. (2019) «MANGILIK EL» as an Intellectual Matrix of Kazakhstan. Almaty: Kazakh University. P. 353–379. (In English)
- 10 Ibrayeva G., Kassen G., Tuleubekova N. (2019) Patriotic education in Kazakhstan: Theoretical and practical considerations. Journal of Social Science Research. Vol. 14. No. 2. P. 112–120. (In English)
- 11 Hara-Davan Je. (1992) Chingis-han kak polkovodec i ego nasledie. Kul'turno-istoricheskij ocherk Mongol'skoj imperii III-IV vekov. – Alma-Ata: Kramds-Ahmed Jassau. 272 p. (In Russian)
- 12 «Азаматтарға әскери-патриоттық тәрбие беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 тамыздағы № 597 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 1 қазандағы № 816 қаулысы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2500000816>. (ötiniş berilgen kün: 15.04.2026) (In Kazakh)
- 13 Ramashov O.N., Mussin K.S., Lavnichak A. (2021) Ways of formation of Kazakhstan's patriotism in the course of Public Service and its legal basis // Vestnik Karagandinskogo universiteta, Seriya «Pravo». No. 2(102). P. 44–51. DOI: <https://doi.org/10.31489/202112/44-51> (In English)
- 14 Gubaidullin M. (2018) The Role of Zhety Zhargy in Formation of Legal Culture of Kazakhstan Society in the History of Kazakhstan State and Law // Theoretical & Applied Science. No. 7(63). P. 119–123. DOI: 10.15863/TAS.2018.07.63.16 (In English)

БАЙСЕЙТОВ Б.Б.,^{*1}

докторант.

*e-mail: 24251147@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0002-7854-322X

АСКАР Н.,²

к.ю.н., ассоциированный профессор.

e-mail: 4810007@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-7384-3664

ОРЫНТАЕВ Ж.К.,³

к.ю.н., профессор.

e-mail: zhambul1971@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-7094-2720

БАЗАРОВА Д.Б.,⁴

к.ю.н., профессор.

e-mail: d.bazarova@tsul.uz

ORCID ID: 0000-0001-6794-5947

¹Университет «Туран»,

г. Алматы, Казахстан

²Q University,

г. Алматы, Казахстан

³Южно-Казахстанский исследовательский

университет им. М. Ауэзова,

г. Шымкент, Казахстан

⁴Ташкентский государственный

юридический университет,

г. Ташкент, Узбекистан

МЕСТО ОБЫЧНОГО ПРАВА В СОВРЕМЕННОЙ СИСТЕМЕ ВОЕННО-ПАТРИОТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ В УСЛОВИЯХ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ЦИФРОВИЗАЦИИ

Аннотация

В исследовательской работе рассматривается историко-правовая и социально-педагогическая роль институтов казахского традиционного обычного права в формировании военно-патриотического воспитания. В ходе исследования анализируется влияние норм обычного права («Жеті жарғы», военно-патриотические и военно-боевые традиции) на формирование патриотического сознания молодежи, чувства воинского долга и гражданской ответственности. По результатам исследования обычное право рассматривается как ценностно-нормативная основа военно-патриотического воспитания, а также предлагаются направления его цифровизации и интеграции в современную систему военно-патриотического воспитания Казахстана. Кроме того, научной новизной работы является рассмотрение вопросов внедрения норм обычного права в цифровые системы Министерства обороны Республики Казахстан – «Smart военкомат», «Armia.kz», «Sarbaz 2.0» и «Askeri Ziyat». Эмпирическую основу научной работы составили результаты исследований зарубежных ученых. Основной целью исследования является научное обоснование путей и механизмов предупреждения правонарушений, возникающих среди военнослужащих и солдат в военных организациях и учреждениях, а также способов их разрешения посредством внедрения норм обычного права в цифровые системы Министерства обороны Республики Казахстан, функционирующие на основе искусственного интеллекта.

Ключевые слова: государство, право, закон, обычаи, традиции, военно-патриотическое воспитание, цифровизация.

BAISEITOV B.B.,*¹

PhD student.

*e-mail: 24251147@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0002-7854-322X

ASKAR N.,²

c.l.s., associate professor.

e-mail: 4810007@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-7384-3664

ORYNTAYEV Zh.K.,³

c.l.s., professor.

e-mail: zhambul1971@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-7094-2720

BAZAROVA D.B.,⁴

c.l.s., professor.

e-mail: d.bazarova@tsul.uz

ORCID ID: 0000-0001-6794-5947

¹Turan University,

Almaty, Kazakhstan

²Q University,

Almaty, Kazakhstan

³M. Auezov South Kazakhstan

Research University,

Shymkent, Kazakhstan

⁴Tashkent State Law University,

Tashkent, Uzbekistan

THE PLACE OF CUSTOMARY LAW IN THE MODERN SYSTEM OF MILITARY-PATRIOTIC EDUCATION UNDER CONDITIONS OF STATE DIGITALIZATION

Abstract

The research paper examines the historical-legal and socio-pedagogical role of the institutions of Kazakh traditional customary law in the formation of military-patriotic education. The study analyzes the influence of the norms of customary law («Zheti Zhargy», military-patriotic and military-combat traditions) on the development of patriotic consciousness among young people, as well as their sense of military duty and civic responsibility. Based on the findings of the study, customary law is considered as a value-based and normative foundation of military-patriotic education, and directions for its digitalization and integration into the modern system of military-patriotic education in Kazakhstan are proposed. In addition, the scientific novelty of the work lies in the examination of the implementation of customary law norms into the digital systems of the Ministry of Defense of the Republic of Kazakhstan – «Smart Voenkomat», «Armia.kz», «Sarbaz 2.0», and «Askeri Ziyat». The empirical basis of the research consists of the findings of studies conducted by foreign scholars. The main objective of the research is the scientific substantiation of methods and mechanisms for preventing offenses arising among military personnel and soldiers in military organizations and institutions, as well as ways of resolving them through the implementation of customary law norms into the artificial intelligence-based digital systems of the Ministry of Defense of the Republic of Kazakhstan.

Keywords: state, legislation, law, customs, traditions, military-patriotic education, digitalization.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 15.04.2026